

Ақтобе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі
№4 «Балбобек» бөбекжай балабақшасы

«Қауіпсіздік әліппесі»
Ересек топ балаларына арналған
БАҒДАРЛАМА



АЛҒА
2024 жыл

Алға ауданының білім бөлімінің expertтік кеңесінде
бекітілді.

Хаттама № 1

«02» 09 2024ж

Алға аудандық білім бөлімінің м.д.б әдістемелік кабинетінің
әдіскері  Н.Уразғалиева

Құрастырған: Адетханқызы Акбота №4 «Балбөбек»
бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор

Пікір жазғандар:

Ж.Шаимова № 4» Балбөбек» бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі, педагог-зерттеуші

Б. Демесинова № 4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі, педагог-зерттеуші

Ұсынылған бағдарлама мектепке дейінгі ұйым,шағын
орталық тәрбиешілеріне арналған. Тапсырмалар мазмұны
жалпы қауіпсіздік ережелерін сақтауға оның жеке жас
ерекшеліктері мен деңгейіне лайықталған. Мектепке дейінгі
баланың жан-жақты, жеке тұлға ретінде дамытуға
бағытталған тапсырмалар жүйесінде ұсынылады. Бала
бойына өзіне деген сенім орнап, өнерге деген деген он
көзқарасқа дағдыланады.

ПІКІР

Бұл бағдарламаны №4 Балбөбек бөбекжай балабақшасының
«Өркен» тобының тәрбиешісі А.Адетхан
құрастырған. Құрастырушының негізгі мақсаты мектепке
дейінгі тәрбиеленушілерді жалпы қауіпсіздік ережелерінің
түрлерімен таныстыру. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға
тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің
айтқанын тыңдауға баулу. Бала бойында өзіне деген сенім
орнап, қауіп-қатерді тез білуге үйренеді. Бағдарламада
берілген материалдар мектеп жасына дейінгі
бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне лайықталып алынды.
Бағдарламалық материалды іріктеудегі басты белгі, оның
тәрбиелік құндылығы мен көркемдік деңгейі бала жасына
сай.

Түсінік хат.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала-біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жарқын болашақтың кепілі. Ол- үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Бағдарлама қауіпсіздік ережелер деректеріне сүйеніп, өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру керек екендігін жеткізе білу мақсатымен, адамдардың ең негізгі мақсаты ол-өмірді сақтап қалу екендігі туралы ұғым қалыптастыруға бағытталған.

Бұл бағдарлама мектепке дейінгі арналған «Қауәпсіздік әліппесі» вариативтік компоненттің бағдарламасы аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат жүктеме берліген.

Мақсаты:

Балалардың ойлау тұтастығын яғни, табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін жыл мезгіліне сай жүйелі, мақсат міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысын оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтық борыш, ғылыми білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделген. Экологиялық тәрбие жұмысын осындай міндеттерді атқарта отырып, жүзеге асырады.

Міндеттері:

Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп-бағуға баулу. Олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру; Табиғаттың сан-алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлтжандылық сезімдерін дамыту; Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланысты Болатынын түсіндіру және осы байланысты күнделікті өмірде. Ескеру қажеттігін үйреніп отыру.

Қауіпсіздік әліпшесі

<i>Тақырыбы</i>	Мақсаты	Сағат саны
Абайда өрт!	Өрттің пайда болу себебі мен өршуі, өрттің салдарынан болатын қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Өрттен сақтану жолдарын түсіндіру. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
Бағдаршам және біз.	Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
Сәріңке кінкентай, от үлкен.	Өрт кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Өрт болған жерден қалай шығу керектігін үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Көлік түрлері	Қоғамдық көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Қоғамдық көлік түрлерін танып атай білуге үйрету. Жүргізуші мамандығына құрметпен қарау. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1

Мен жаяу жүргіншімін	Бейтаныс адамдармен подъездге немесе лифтте кіруге болмайтындығын түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
Мен жаяу жүргіншімін	Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керектігі туралы түсініктерін кеңейту. Жаяу жүргінші және жаяу жүргіншілер өткелі сөзінің мағынасын түсіндіру. Баланың зейінін, қабылдауын жетілдіру. Жолдан өту барысында бір-біріне көмек көрсетуге көңіл, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
Бөтен автокөлік	Балаға бейтаныс адамның автокөлігіне отырмау керектігі, жүргізушімен сөйлеспеу керектігін түсіндіру. Егерде күштеп автокөлікке отырғызғысы келсе қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1

8	Мен және көше	Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Жол тәртібін сақтай білуге үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
9	Су қауіп-көтер, су тасқыны	Су тасқынының кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Су тасқынының салдарынан болатын қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Жағдайдан шығудың, қорғанудың қарапайым түрлерін үйрету. Сабырлылыққа тәрбиелеу.	1
10	Жол тәртібін жадында ұста	Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін түсіндіру. Жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру. Балаларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа тәрбиелеу.	1
11	Өмір қауіпсіздігі	Егер үйде үлкендер болмаса бейтаныс немесе аз танытын адамдар келіп есіктің қонырауын соқса немесе есікті күшпен ашып кірмек болса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету.	1
12	Біз жолаушымыз	Автобус пен трамвайды танып ажырата білуді бекіту. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып, қоғамдық жерлерде, балабақшада, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
13	Қысқы қауіп-көтерлер	Аязды күндері мен тайғақ болған кезде қандай әрекет керектігі туралы түсінік беру. Үсік шалмау үшін не істеу керектігін үйрету.	1

14	Аялдамала	Аялдамалада жаяу адамның көлікті аялдамала күтетіндігі туралы түсінік беру. Аялдама туралы мағлұмат беру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
15	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Үйде, көшеде жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету: -қауіпсіз орын табу; -ғимараттан шығудың жолдары	1
16	Жая жүргіншілер жолы және өткелі	Жая жүргіншілер жолы және өткелі туралы түсініктерін бекіту. Балалардың ой-қиялын дамыту. Тілдерінің байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
17	Ауладағы ойын	Балаларды ойын кезінде болатын түрлі қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ескеруге, қауіпті жағдайлардың алдын-алуға, жағдайдан шыға білуге үйрету.	1
18	Қай жерде ойнауға болады?	Көшеде ойнауға болмайтындығын түсіндіру. Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Сақтыққа тәрбиелеу.	1
19	Қонжыққа топта өзін қалай ұстау керектігін үйретеміз	Топта өзін ұстау мінез-құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Топта қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1

20	Біздің айналам ыздағы жол белгілері	Бағдарлам сигналы туралы түсініктерін бекіту Тамактанатын пункт пен дәрігерлік көмек көрсету пунктін белгісімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1
21	Жер сілкінісі кезіндегі қауіп-көтер	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жер сілкінісінің салдарынан болатын қауіп-көтерлер туралы түсіндіру	1
22	Абайла, жол қиылысы !	Жол қиылысы туралы түсінік бере отырып, жол қиылысында болатын келеңсіз жағдайларды болдырмау жолдарымен таныстыру. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білу, есте сақтауын, ойын, көше қиылысы туралы ұғымын арттыру.	1

23	Саябақта	Ересек адамдарсыз жалғыз үйден алыстап кетпеу керектігін түсіндіру. Балалардың ой өрісін дамыту. Сактыкка, ұқыптылыкка тәрбиелеу.	1
24	Абайла.... !	Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту.	1
25	Ит пен мысық-біздің кішкентай достарымыз	Жануарлармен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы түсініктерін кеңейту. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Ұқыптылыкка, сактыкка тәрбиелеу.	1
26	Қауіпсіз жол	Сурет қарау арқылы бала өміріне қауіпсіз жолмен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға үйрету. Сактыкка, ұқыптылыкка тәрбиелеу.	1
27	Найзағай	Балаларға найзағай туралы түсінік беру. Найзағай жарқылды кезінде қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сактыкка, ұқыптылыкка тәрбиелеу.	1

28	Дымбилме с балаларда көнөктө	Кала көліктері, жолда жүрү ережелері, багдаршамнын сигналдык белгісі, туралы білімдерін бекіту. Кейбір жол белгілерін ажырата білу іскерліктерін жетілдіру. Көшеде кауіпсіздік ережелерін тұракты түрдө колдана білуін дамыту.	1
29	Тұрмыстык заттар бізге дос па әлде жау ма?	Өміріне кауіп төндүрү мүмкін кейбір тұрмыстык заттар туралы түсінік беруді жалгастыру. Тұрмыста колданатын кейбір заттарды ересек адамдардын катысуумен гана колдану керектігін түсіндіру. Кауіпсіздік ережесін сактау туралы білімдерін кеңейту. «Өмірге кауіпті» сөзінің мағынасын түсіндіру.	1
30	Жол белгілері әлемінде	Жол белгілері туралы алган білімдерін пысықтау. Жол белгілерін айыра білу дагыдысын калыптастыру, алган білімдерін іс жүзінде колдануға кызыгушылыктарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байкагыштыкка тәрбиелеу.	1
31	Жәндіктер	Өртүрлі жәндіктерді бакылау кезінде кауіпсіздік ережесін сактауға үйрету. Балалардын акыл ойын дамыту. Тәртіптілікке, ұкыптылыкка тәрбиелеу.	1
32	Жол белгілері сөйлейді	Сілтеуші және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне карап және жол бойында тұрган белгілерді танып айтып беру дагыдарын жетілдіру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1

33	Жеуге жарамды, жарамсыз	Жеуге жарамды және улы жемістер, саныраукулак түрлерімен таныстыру. Оларды түріне карап ажырата білуге үйрету.	1
34	Егер де көше кийылысында багдаршам болмаса....	Багдаршамы жок көше кийылыстарынан калай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаау жүргінішілердің кауіпсіздік сактау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дагыда айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
35	Электрозаттар	Тұрмыста колданатын кейбір электрозаттарды ересек адамдардын катысуумен гана колдану керектігін түсіндіру. Косылулы тұрган электр құралына тиіспеу және электр вилкасын су колымен ұстамау, даладагы трансформаторлык үйшіктерге жакындау керектігін айту. Кауіпсіздік ережесін сактау туралы білімдерін кеңейту. Ұкыптылыкка тәрбиелеу.	1
36	Бәрін білгім келеді	Кала және ауыл көшелерінде кауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Көшеде көліктер козгалысын реттеуші туралы түсініктерін нақтылау. Жол белгілері туралы білімдерін бекіту.	1

Күтілетін нәтиже:

Нәтижесінде өсімдіктерді жұлмауға, құстарды қорғай білуге дағдыланады, өздерінің мұның пайдалы іс-әрекетімен құрбыларына да ықпал жасайды. Экологиялық тәрбиенің балалар табиғатқа жанашырлық, қамқорлық және еңбекқорлық, белсенділік, ұқыптылық сияқты дағдыларды меңгереді. Көбіне балалармен дидактикалық ойындар табиғат жөніндегі түсініктерін бекітеді. Бала тәрбиесінде өзіндік орны бар жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді орынды пайдалану баланың қоршаған орта, табиғат туралы ой-өрісін дамытып, тілін ширатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айналамен танысу. «Алматы кітап» 2001 ж
2. 777 жұмбақ, Алматы «Ана тілі» 2015 ж
3. Жыл он екі ай. 2012 ж
4. Ақ сандық, көк сандық. Алматы «Жазушы» 2013 ж
5. Айнала қоршаған орта Экология. «Алматы кітап» 2011 ж
6. Экологиялық сабақтар. Т.М.Бондаренко Воронеж 2016.г
7. Біздің кітап. Баймұратова Б. «Алматы кітап» 2015ж
8. Бөбектерге байғазы кітапханасы. Алматы 2013ж
9. Тіл ашар
10. Қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы
11. Айналаны қоршаған орта, экология. Манкеш А.Е. 2016ж
12. Жаттамақ
13. Экологиялық тәрбие балалармен 5-6-7 жас. Т.М.Бондаренко
14. Балабақшадағы дидактикалық ойындар. Сорокина А.Е. 2017г